

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
МЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті РМҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Сыдықов Ерлан Батташұлы бір тараптан және екінші тараптан ҚР Ұлттық мұрағаты РММ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Махашов Жангелді Меңлібайұлы, әрі қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1-бап

Екі университеттің арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

2-бап

Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- бакалавр, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылар және зерттеушілердің білім алуы, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді ғылыми тағылымдамадан, кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибеден өтуі бойынша академиялық алмасу;
- өзара ортақ мүддені көздейтін салада жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;
- Тарап өкілдерін дәріс оқуға, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар оқу жоспарларымен, бағдарламаларымен алмасу үшін шақыру;
- Тараптардың профессор-оқытушы және әкімшілік құрамына дәрістер, шеберлік сыныптарын (оның ішінде онлайн тәртібінде) өткізу;
- біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және білім беру саласында өзге де бастамашылықтарды жүргізу;
- біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, зерттеулерді жариялау;

- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, периодикалық басылымдармен өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;
- Тараптарда жүзеге асырылатын білім беру және ғылыми зерттеу бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;
- Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау.

3-бап

2-баппен белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

4-бап

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез-келген түрін жүзеге асыру Тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

5-бап

Осы Меморандум Тараптардың өзара келісімімен реттелген тәртіппен рәсімделіп, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойып және оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге қол қою арқылы өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6-бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып Тараптар ҚР заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар университеттер арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

7-бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бір жыл мерзімінде іске асады. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімінен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бір жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

8-бап

Осы Меморандум екі нұсқада: қазақ және орыс тілдерінде жасалады, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие болады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті атынан

ҚР Ұлттық мұрағаты атынан

Ректор _____
(Сыдықов Ерлан Бәтташұлы)

Директор _____
(Махашов Жангелді Меңлібайұлы)

Күні: « 24 » 04 2017 ж.

Күні: « » 201__ ж.

